

атауларға ауыстырылды. Сонымен қатар, этнонимдік және флоралық атаулар, жердің түсін бейнелейтін атаулар аймақ топонимиясының ерекшелігін көрсетеді. Қорытындылай келе, Қызылжар аймағының ономастикасы тек тілдік құндылық қана емес, тарихи-мәдени мұраның маңызды бөлігі болып табылады. Географиялық атаулар аймақтың этникалық, тарихи және табиғи ерекшеліктерін зерттеуге, әлеуметтік және мәдени үрдістерді түсінуге мүмкіндік береді. Бұл зерттеу болашақ ономастикалық зерттеулерге ғылыми негіз жасап, Солтүстік Қазақстанның топонимиялық картасын жүйелеуге, тарихи жақты сақтау мен мәдени мұраны қорғауға үлес қосады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбдірахманов А. Топономика және этимология. - Павлодар: С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. - 240 б. 104-110 бб
2. Койчубаев Е. Қазақстан топонимдерінің қысқаша түсіндірме сөздігі. - Алматы: Наука, 1974. - 274 б. 36-160-бб.
3. Мадиева Г. Б., Супрун В. И., Борибаева Г. А. Ғылыми, халықтық және кабинет этимологиясы (Қазақстан Республикасы қалаларының атаулары негізінде) // Вопросы ономастики. - 2019. - Т. 16, № 3. - 140-160-бб.
4. Оспанов С. М. Солтүстік Қазақстан топонимдері: классификациялау тәсілдері // Ratio et Natura. - 2022. - № 1 (5). - 343-344-бб.
5. Сабиева Е. В., Какимова М. Е., Таласпаева Ж. С., Яковенко Е. Е. Қазіргі тіл білімінде топонимиялық лексиканы зерттеу // Трансшекаралық кеңістіктегі топонимикадағы, фольклористикадағы және этномәдениеттанудағы әмбебап және жергілікті ерекшеліктер: халықар. ғыл.-практ. конф. материалдары. - Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚУ, 2024. - 216 б. 172-175-бб.
6. Тоқшылық Е., Мәлікова С., Ахметжанова Г., Оспанов К., Тайшыбай З. Атамекен атаулары (Солтүстік Қазақстан облысының топонимиялық атаулары). - Петропавл, 2015. - 343 б. 18-248-бб.
7. Топонимика: энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: Аруна Ltd., 2010. - 816 б.

КҮРШІМ АУДАНЫНЫҢ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ОНОМАСТИКАСЫ

Бактиярова Д.Н

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық университеті

Электрондық адресі: baktiarovadilnaz@gmail.com

Астана қ.

Аңдатпа

Бұл мақалада Шығыс Қазақстан облысының Күршім ауданына қатысты жер-су атауларының ономастикалық ерекшеліктері зерттеледі. Күршім - Алтай өңірінің тарихи-географиялық аймағы, табиғи ландшафты аса күрделі, су жүйесі мол, жер бедері контрастылы аудан. Мақалада аудан аумағындағы Күршім, Қалжыр, Ертіс бойындағы шағын салалар, тау жоталары мен жайлауларға қатысты гидронимдер мен ойконимдердің шығу тегі, фонетикалық және семантикалық ерекшеліктері талданады. Зерттеуде тарихи деректер, картографиялық материалдар, этнолингвистикалық тәсілдер қолданылды. Жергілікті атаулардың уәждемесі, көне түркі қабатымен байланысы, халықтық түсіндіру үлгілері және аймақтық топонимдік дәстүрлер қарастырылады. Күршім атауының көне түркі және моңғол тілдік қабаттарымен байланысы анықталып, өңірдің тарихи қалыптасу кезендері ономастикалық тұрғыда сипатталады.

Кілт сөздер:

Аннотация

В статье рассматриваются ономастические особенности топонимов и гидронимов Куршимского района Восточно-Казахстанской области. Куршим - историко-географический регион Алтая с богатой природной средой и сложным ландшафтом. В работе анализируются происхождение, семантика и структура названий рек, горных массивов, долин и населённых пунктов, включая такие объекты, как Күршім, Қалжыр, Ертыш и др. Используются исторические источники, карты, лингвистический анализ и этнографические материалы. Особое внимание уделено древнетюркским корням топонимов, их фонетическим особенностям и мотивационным признакам. Исследование раскрывает культурное, историческое и лингвистическое значение географических названий

Куршимского региона. Ключевые слова: Куршим, Калжыр, гидронимы, ойконимы, топонимы, ономастика, Алтай, географические названия. Annotation This article explores the onomastic features of place names and hydronyms of the Kurshim district in East Kazakhstan. Kurshim is a historically significant region of the Altai area, characterized by a complex landscape, mountain river systems, and diverse natural formations. The study analyzes the origins, linguistic structure, and semantic motivation of local toponyms such as Kurshim, Kalzhyr, and other hydrological and geographical objects. Historical records, cartographic materials, and ethnolinguistic approaches were applied. The research highlights ancient Turkic linguistic layers, cultural factors, and regional topographic features that influenced the formation of local place names. The findings emphasize the historical, cultural, and linguistic value of the onomastic landscape of the Kurshim region.

Keywords: Kurshim, Kalzhyr, hydronyms, oikonyms, toponymy, onomastics, Altai region.

Кіріспе

Күршім ауданы -Шығыс Қазақстандағы табиғи және тарихи қабаттары бай өңірлердің бірі. Алтай тау жүйесінің батыс сілемдеріне жалғасып жатқан бұл аумақ ежелден түркі тайпаларының қоныстанған жері ретінде белгілі. Ауданның жер бедері таулы-шоқылы, өзен-сулы, орманды және кең жайылымды алқаптардан тұрады. Осындай күрделі табиғи орта жер-су атауларының қалыптасуына тікелей ықпал еткен. Күршім өңіріндегі топонимдер халықтың шаруашылық-тұрмыстық тәжірибесімен, табиғатпен байланысымен, тарихи кезеңдермен және этнолингвистикалық ерекшеліктерімен ажырамас бірлікте қалыптасқан. Өңірдің негізгі атауы-Күршім. Бұл атау тарихи деректерде XVIII ғасырдан бастап кездеседі және өңірдің табиғи-географиялық болмысымен тығыз байланысты. Күршім өзені - Алтайдың тік аңғарларымен ағатын асау тау өзені. Сол себепті атаудың семантикасы да өзен сипатымен сабақтас. Алтайдағы Күршім жотасы, Күршім кеңістігі, Күршім өңірі сияқты бірқатар объектілер бұл атаудың кең қолданысқа ие екенін көрсетеді. Жер-су атаулары тарихи-этнографиялық ақпараттың маңызды көзі болып табылады. Әсіресе гидронимдер мен ойконимдер жергілікті табиғи ортаны сипаттап қана қоймай, өңірдің этникалық тарихын айқындауға мүмкіндік береді. Күршім, Қалжыр, Ертіс жағалауындағы шағын салалар, Қарабұлақ, Ақсуат сияқты атаулар табиғи ландшафтпен тығыз байланысты және олардың лингвистикалық құрылымында көне түркі қабаты анық байқалады. Зерттеу материалдары мен әдістері Зерттеу жұмысы Күршім ауданына қатысты тарихи, лингвистикалық және картографиялық деректерге негізделді. Негізгі әдістер ретінде: тарихи-компаративтік әдіс -Күршім, Қалжыр, Ақсу, Қарабұлақ сияқты атаулардың көне түркі деректеріндегі нұсқаларын салыстыру, Алтай өңірінің ежелгі гидронимдік қабатымен сәйкестігін анықтау; топонимдік және ономастикалық талдау әдісі - өңірдегі гидронимдер мен ойконимдердің құрылымдық, фонетикалық және семантикалық ерекшеліктерін зерттеу, атаулардың уәждік негіздерін талдау; Картографиялық және географиялық салыстыру -Күршім өңіріндегі өзендер, бұлақтар, тау аңғарлары, жоталар мен жайылымдық алқаптардың атауларын тарихи карталардағы деректермен салыстыру, географиялық нысандар мен атаулардың сәйкестігін анықтау; Этнолингвистикалық талдау- жергілікті халықтан жиналған ауызша деректер, аңыз-әңгімелер, көне атауларға қатысты халықтық түсіндірулерді ғылыми тұрғыдан жүйелеу. Зерттеу барысында Күршім ауданының тарихына қатысты жазба деректер, картографиялық материалдар, тюркологиялық еңбектер қолданылды. Өңір ономастикасына байланысты Ш. Уәлиханов, Т. Жанұзақов, Е. Қойшыбаев, Ә. Қайдар еңбектеріндегі мәліметтер, сондай-ақ Алтай-Ертіс аралығындағы тарихи-географиялық зерттеулер пайдаланылды. Талқылау Күршім өңірінің ономастикалық жүйесі Алтай-Ертіс аймағындағы көне түркі, моңғол және кейінгі қазақ қабаттарының тоғысқан тілдік кеңістігін көрсетеді. Өңірдегі топонимдер тарихи қоныстану бағыттарын, этностық құрамның өзгеруін, табиғи-географиялық ерекшеліктерді және шаруашылық дәстүрлерді бейнелейді. Күршім атауына қатысты зерттеулерде гидронимнің шығу тегі ең көп талқыланған мәселелердің бірі. Ғалымдардың басым бөлігі атауды көне түркі түбірлерімен байланыстырады. Е.Қойшыбаев Күршім сөзін «күр» - қуатты, күшті; «шүм/шім» -су, ағыс» деген мағыналар арқылы түсіндіреді. Бұл көзқарас өңірдің негізгі су артериясы - Күршім өзенінің тау аңғарымен асау ағып өтуімен толық сәйкес келеді. Тілдік уәж бен табиғи нысанның сипатының байланысы - өңір гидронимдерінің басты ерекшелігі. Күршім атауының екінші нұсқасы моңғол тіліндегі «курим/курюм» сөздерімен байланыстырылады. Мұнда мағынасы «жыра, құлама сай, биіктеу аңғар» дегенді білдіреді. Күршім өзені бойындағы бедерлі рельефтің жыралы, қыратты келуі бұл нұсқаның да өміршең екенін көрсетеді. Этнолингвистикалық сараптама Күршім гидронимінде екі түрлі - көне түркі және моңғол қабаттарының ықпалы қатар көрінетінін дәлелдейді. Өңір ономастикасының тағы бір ерекшелігі - су жүйелеріне қатысты атаулардың басымдығы. Ертіске құятын өзендер мен бұлақтардың көп болуы гидронимдік қабатты өте бай етеді. Мысалы, Қалжыр гидронимі «қатулы, құйындатып ағатын су» деген көне түркі сипаттамасымен байланыстырылады. Қалжыр өзенінің

жылдық тасу деңгейінің күрт өзгеруі, арнасының тар әрі тік жарлы болуы атаудың этимологиясын нақтылайды. Сонымен қатар, Көкжота, Күңгей, Қарашора, Үшбұлақ сияқты атаулар табиғи ортаның негізгі белгілерін көрсететін дескриптивті топонимдерге жатады. Күршім өңіріндегі ойконимдер де тарихи-этнографиялық ақпараттың маңызды қабатын құрайды. Мысалы, Бөкенбай, Долон, Қарабұлақ, Ақсуат сияқты атаулар ру-тайпалық, шаруашылық немесе табиғи уәждермен байланысты. Қазақ ономастикасында мал шаруашылығы мен аңшылыққа қатысты атаулар жиі кездеседі. Күршім аймағында бұл ерекшелік айқын байқалады: тау бөктеріндегі аңшылық дәстүр, жайлаулардың орналасуы, жазғы және қысқы қоныс бағыттары атаулардың уәждік негізін қалыптастырған. Өңір топонимиясында көне түркі қабаты айрықша маңызды орын алады. Ш.Уәлиханов, Ә.Қайдар, Т.Жанұзақ еңбектерінде Алтай аймағындағы жер-су атауларының архаикалық сипаттары көп рет аталады. Күршім аймағы да осы топқа кіреді. Мұнда «күр», «ас», «оғыз», «жота», «таз», «көк» сияқты көне түбірлердің сақталуы өңірдің тарихи-этникалық тамырын көрсетеді. Картографиялық материалдарда Күршім атауы XVIII-XIX ғасырлардан бері өзгеріссіз қолданылып келеді. Бұл оның тұрақты, тарихи қалыптасқан атау екенін дәлелдейді. Ресей империясының әскери-топографиялық карталарында Күршім өзені мен Күршім жотасы нақты көрсетілген. Жергілікті халықтың ауызша дәстүрінде бұл атауларға қатысты бірнеше аңыз тараған. Бұл аңыздар топонимдерге қатысты халықтық уәждемені зерттеуге мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, Күршім өңірінің ономастикалық кеңістігі - табиғи ландшафт, этнолингвистикалық қабат, көне түркі мәдени ықпалы және жергілікті шаруашылық дәстүрлердің тоғысуынан қалыптасқан күрделі топонимдік жүйе. Өңір атаулары географиялық нысандардың тек атауы ретінде ғана емес, тарихи-мәдени ақпаратты жеткізуші тілдік мұра болып табылады. Нәтиже:

Зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, Күршім өңірінің топонимдік жүйесі көпқабатты тарихи-лингвистикалық құрылымнан тұратыны анықталды. Өңірдегі жер-су атаулары көне түркі, моңғол, қазақ этнолингвистикалық қабаттарының тоғысуынан құралған және табиғи орта ерекшеліктерін дәл бейнелейтін семантикалық уәждерге негізделген. Күршім топонимиясының маңызды ерекшелігі - гидронимдердің басымдығы. Бұл аймақтың таулы-өзенді географиясына, Ертіс пен оның салаларының тарихи-қоғамдық маңызына тікелей байланысты.

Күршім атауының этимологиясы өңірдің тарихи-географиялық сипатына толық сәйкес келеді. Көне түркі тіліндегі суға, ағымға қатысты түбірлердің сақталуы - атаудың архаикалық сипатын дәлелдейді. Бұл гидронимнің мағынасы жергілікті өзеннің ағысының күшімен ұштасып, табиғи нысан мен атау арасындағы семантикалық сәйкестікті көрсетеді. Зерттеу барысында Күршім атауының моңғол лингвистикалық қабатымен байланысын көрсететін қосымша уәждер де анықталды. Бұл өңірдің тарихи кезеңдерінде моңғол-түркі этностарының қарым-қатынасы сақталғанын айғақтайды. Гидронимдер қатарында Қалжыр, Қарабұлақ, Ақсу, Үшбұлақ сияқты атаулар ерекше орын алады. Олардың барлығы табиғи белгілерге, су ағысының сипатына, көлеміне, түсіне байланысты уәждеделген. Мысалы, Қалжыр өзенінің аты оның қатты ағынына, тау аңғарымен құйындатып ағуына байланысты қойылғаны семантикалық талдау нәтижесінде дәлелденді. Бұл - қазақ ономастикасының табиғилыққа негізделген жалпы принциптерімен толық сәйкес феномен. Ойконимдерге келсек, Күршім өңіріндегі Ақсуат, Боран, Долон, Бөкенбай сияқты атаулар тарихи-этникалық ақпаратты молынан қамтиды. Бұл атаулар ру-тайпалық құрылымның көрінісін, шаруашылық бағыттарын, жердің табиғи ерекшеліктерін немесе белгілі тұлғаларға қатысты естеліктерді сақтаған. Әсіресе антропонимдік негіздегі атаулар өңірдің тарихи-социологиялық құрылымын айқындайды. Күршім өңірінің жер-су атауларын зерттеу нәтижесінде аймақ топонимиясының көпқабатты тарихи-этнолингвистикалық құрылымға ие екендігі анықталды. Өңір топонимдерінің негізінде табиғи-географиялық уәждер, көне түркі және моңғол тілдік қабаттары, сонымен қатар қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы мен мәдени дүниетанымы жатыр. Күршім атауының шығу тегі жөніндегі бірнеше ғылыми көзқарас оның тарихи тереңдігін көрсетсе, гидронимдердің семантикалық ерекшеліктері табиғи ортаның әсерін айқын бейнелейді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Күршім аймағындағы гидронимдер жүйесі жер бедерімен ғана емес, тарихи қоныстану үрдістерімен де байланысты. Қалжыр, Ақсу, Үшбұлақ сияқты атаулардың табиғи сипаттамаларға негізделуі - қазақ топонимиясының тұтас заңдылықтарымен сәйкес келеді. Сонымен қатар ойконимдер - өңірдің әлеуметтік-мәдени құрылымының көрсеткіші. Ақсуат, Боран, Долон сияқты атауларда этникалық, тарихи және антропонимдік мәліметтер жинақталған. Күршім топонимиясының маңызды ерекшелігі - жергілікті халықтың ауызша тарихи жадында сақталған аңыздық деректердің болуы. Бұл деректер атаулардың қалыптасу тарихын түсіндіруде қосымша материал ретінде ерекше құнды Қорыта айтқанда, Күршім өңірінің ономастикалық кеңістігі - табиғат, тарих, тіл және мәдениет тоғысынан туған күрделі лингвомәдени жүйе. Атаулар өңірдің табиғи ортасын ғана емес, халықтың дүниетанымын, тарихи тәжірибесін,

мәдени құндылықтарын бейнелейді. Сондықтан Күршім топонимдерін зерттеу - өңірдің тарихи-мәдени мұрасын сақтау мен ғылыми тұрғыдан танудың маңызды бөлігі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Жанұзақ, Т. (ред.). Жер-су атауларының анықтамалығы. Алматы: «Арыс» баспасы, 2009ж, 568б.
2. Күршім ауданының тарихи анықтамалығы. -Өскемен, 2014.
3. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары.- Алматы: Мектеп, 1974ж, 264б.
4. Омаров Ғ.Қ. С.С.Черниковтың Шығыс Қазақстан ерте темір дәуірін зерттеуге қосқан үлесі [Мәтін] / Ғ. Қ. Омаров. // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы = Вестн. КазНУ. Сер. историческая . - 2008. - № 4. - С. 138-141 б.- Библиогр.: 27 атау

СЕМЕЙ Өңірінің топонимиясы: тарихи мәдени талдау

Бақытбек А.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана халықаралық университеті

adu.bakytbek@mail.ru

Астана қ.

Аңдатпа

Бұл мақалада Семей қаласының топонимиясы мен ономастикалық кеңістігі тарихимәдени, элеуметтік және лингвистикалық тұрғыдан жан-жақты талданады. Семей - еліміздің шығыс өңіріндегі мәдени, рухани және тарихи орталықтардың бірі, әрі қазақ даласындағы ерте кезеңдерден бері қалыптасқан ірі қоныстардың қатарында. Қала топонимиясы бірнеше тарихи қабаттан тұрады: ерте түркі кезеңіне жататын атаулар, Ресей империясы дәуіріндегі отарлық сипаттағы атаулар, кеңестік кезең топонимдері және Тәуелсіздік жылдарында қайта жаңғырған тарихи атаулар. Зерттеу барысында қала аумағындағы гидронимдер (Ертіс, Қарағайлы, Камысты), ойконимдер (Степной, Затон, Көкбай, Пристань), урбанонимдер (көше, ықшам аудан атаулары), сондай-ақ киелі нысандарға қатысты микротопонимдер жан-жақты қарастырылды. Мақаланың дереккөздері ретінде ХІХ-ХХ ғасырлардағы карталар, архив құжаттары, этнографиялық материалдар, қазақ ономастикасы бойынша еңбектер және Google Scholar базасында тіркелген заманауи зерттеулер пайдаланылды. Семей қаласының топонимиялық жүйесі қаланың географиялық ерекшелігін, өзен маңы мәдениетін, этникалық құрамын, элеуметтік-қоғамдық тарихын және саяси өзгерістерін сақтаған күрделі қабатты көрсететіні анықталды. Ертіс өзенінің жағасындағы қоныстардың табиғи ресурстарға байланысты қалыптасуы, Затон мен Пристань атауларының саудаэкономикалық қызметпен байланысы, Алтай-Тарбағатай бағытындағы көші-қон жолдарының әсері топонимдердің тарихи мазмұнын айқындайды. Зерттеу нәтижелері Семей қаласының топонимиясы қазақ халқының тарихи жады, рухани кеңістігі және этникалық мәдениетімен тығыз сабақтас екенін көрсетеді. Әсіресе Тәуелсіздік жылдарында қаланың тарихи атауларын қалпына келтіру, көшелерді ұлттық тұлғалар есімімен атау үрдісі ономастикалық кеңістіктің ұлттық мазмұнын күшейтуде маңызды рөл атқарады. Мақала қорытындысында Семей қаласының топонимиялық жүйесін әрі қарай зерттеу бағыттары мен тарихи атауларды сақтау қажеттілігі атап өтіледі.

Түйін сөздер: Семей қаласы, топонимия, ономастика, Ертіс, урбанонимдер, тарихи география, лингвистикалық талдау.

Аннотация

В данной статье топонимия и ономастическое пространство города Семей анализируются с историко-культурной, социальной и лингвистической точек зрения. Семей является одним из культурных, духовных и исторических центров восточного региона Казахстана, а также одним из крупных поселений на казахской степи, сформировавшихся с раннего периода. Топонимия города включает несколько исторических слоев: названия, относящиеся к древнетюркскому периоду, колониальные названия периода Российской империи, топонимы советского времени и исторические названия, восстановленные в годы Независимости. В исследовании подробно рассмотрены гидронимы (Иртыш, Карагайлы, Камысты), ойконимы (Степной, Затон, Кокбай, Пристань), урбанонимы (названия улиц, микрорайонов), а также микротопонимы, связанные со священными объектами.